

Бекітемін

«Нұрби» Мектеп –

бөбекжай бақша кешені

менгеруін



Мираманова М. А.

АШЫҚ ОҚУ ҚЫЗМЕТІ

Тақырыбы: «Дидактикалық ойындар»

Шұғыла ерте жас топ

Тәрбиеші: Сатынбекова Қ.

Тақырыбы: «Дидактикалық ойындар»

Білім беру саласы: «Таным»

Кіші сала: Сенсорика.

Мақсаты: балаларға геометриялық фигуралар арқылы түстерді, бестестіру әдістері (үшбұрыш, дөңгелек, шаршы) туралы білімді бекіту; заттар түсіне қарай іріктеп таңдауды; балалардың түс пен пішіні жайлы білімдерін бекіту; қабылдауды, есте сақтауды, көрнекі-бейнелік ойлауды дамыту; балаларды әртүрлі сенсорлық сезінулермен байыта отырып, қоршаған ортада бағдарлау тәжірибесін кеңейтіп, талпынушылық пен білуге деген құмарлыққа тәрбиелеу.

Алдын – ала жұмыс және оқу іс - әрекетіне дайындық: «Түстерді қайталау»

Сөздік жұмыс: Қызыл, жасыл, көк, сары\

Дидактикалық құралдар: Көбелек, гүл, кілемше, телевизор

Блингвистикалық компоненті: Здравствуйте- Hello, қызыл - красный, Көк – синий, Сары - желтый, Жасыл – зеленый

I – кезең Мотивациялық қозғаушы

Шаттық шеңбер.

Қуан, шаттан, алақай,

Қуанатын күн келді.

Күліп шықты күн бүгін,

Қайырлы таң! Қайырлы күн!

II – кезең

-Балалар қазір жылдың қай мезгілі?

-Көктем мезгілінде қандай табиғатта өзгерістер болады?

Сиқырлы кезең, топқа көктем ханшайымы кіреді.

Көктем ханшайымы:- Сәлеметсіңдерме, балалар? Бүгін сендер сондай әдемі болып құлпырып отырсыңдар, мен сендерге жай келгем жоқ сыйлық алып келдім, ол сыйлықты алу үшін менің тапсырмаларымды орындауларың керек.

1 тапсырма

«Үй жануарлары қалай дыбыстайды?»

Сиыр - «Мө-мө»

Қой – «Бә-бә»

Әтеш – «Ку-ка-ре-ку»

Мысық- «Мяу-мяу»

-Жарайсыңдар балалар.

2 тапсырма

-Ал, балалар енді, келесі тапсырманы орындайық

Д/ойын : «Кілемшені толтырайық»

Түрлі түсті геометриялық пішіндермен кілемшені толтыру.

3 тапсырма

Д/ойын« Өз гүліңді тап»

-Түрлі түсті көбелектерді , өз түсіне сәйкес гүлдерге қондыру. (Музыкамен)
Жарайсыңдар балалар!

Динамикалық үзіліс.

-Жарайсыңдар балалар!

Хормен тақпақ айту.
Ақ қанатты көбелек,
Көп қанатты көбелек,
Қызыл қанат көбелек
Біздің үйге келе кет.

Бала - бала балақан
Қане көрсет алақан
Саусақтарым айбат
Былай – былай ойнат

Топ – топ басамыз
Шапалақты қосамыз
Жаса, жаса алтын күз
Жаса, жаса жарқын күз

III - кезең

Рефлекстік түзетуші
-Балалар бүгін қандай жұмыс жасадық?
-Қандай ойындар ойнадық?
Жарайсыңдар балалар!
Мадақтау.